

Алиева Ж.Н., Рысбаева Г.Ж.

«Көлсай көлдері» ұлттық саябағында туризмді дамыту мүмкіндіктері

Мақалада «Көлсай көлдері» ұлттық саябағында туризмнің даму мүмкіндіктері қарастырылады. Бұл біржарым миллиондық мегаполис Алматыдан аз ғана қашықтықта орналасқан, табиғаттың көрікті аймағы, жергілікті туристермен қатар, шетелдік туристерді тартуға бірегей табиғи объектерге ие. Мақалада саябақтың туристік ерекшеліктері, зерттеу барысында турдың толық бағдарламасымен туристік маршрут құрастырылған.

Түйін сөздер: туризм, ұлттық табиғи саябақ, Көлсай көлдері, туристік маршрут, табиғи- рекреациялық ресурстар.

Aliyeva Zh.N., Rysbaeva G.ZH.

Opportunities for development of tourism in the national park «Lake Kolsay»

The article discusses the possibilities of the development of tourism in the national park «Kolsay lake». This unique place, situated at a short distance from the metropolis Almaty, has unique natural objects in order to attract both domestic and foreign tourists. This article describes the features of the tourist park. Based on a study developed the tourist route with a full description of the tour program.

Key words: tourism, national park, Kolsay lake, tourist route, natural and recreational resources.

Алиева Ж.Н., Рысбаева Г.Ж.

Возможности развития туризма в национальном парке «Кольсайские озера»

В статье рассматриваются возможности развития туризма в национальном парке «Кольсайские озера». Этот уникальный уголок природы, расположенный на незначительном расстоянии от полуторомиллионного мегаполиса Алматы, располагает уникальными природными объектами для привлечения как отечественных, так и зарубежных туристов. В статье описываются туристские особенности парка, на основе исследования разработан туристский маршрут с полным описанием программы тура.

Ключевые слова: туризм, национальный природный парк, Кольсайские озера, туристский маршрут, природно-рекреационные ресурсы.

**«КӨЛСАЙ КӨЛДЕРІ»
ҰЛТТЫҚ САЯБАҒЫНДА
ТУРИЗМДІ ДАМУ
МҮМКІНДІКТЕРІ**

Кіріспе

Дүниежүзілік туристік ұйымның мәліметіне қарағанда, халықаралық инвестицияның 11 пайызынан астамын қамтитын туризм саласындағы қаржы әлемдік жалпы ішкі өнімнің оннан бір бөлігін құраса, әрбір тоғызыншы жұмыс орны да осы саламен тығыз байланысты. Ел президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев экономиканың келешегі мол саласы ретінде туризмді дамыту мәселесі – мемлекетіміздің басым бағыты болып саналатынын әрдайым айтып келеді. Қазақстанда ол үшін қажетті алғышарттар қай жағынан да жеткілікті. Бұл тұрғыдан келгенде, әсіресе Алматы облысы оңтайлы жерде орналасқанын айта кету керек. Ежелден жер жаннаты Жетісуда орналасқан Алматы облысы еліміздің өзге өңірлерінен сирек кездесетін тартымды табиғатымен, аса бай тарихы және өзіндік мәдениетімен ерекшеленеді. Бұл өңірдегі туристік саланы өрістетіп, отандық және шетелдік қауымдастықтың назарын аударатын табиғи тартымды объектілердің бірі – «Көлсай көлдері» ұлттық саябағы.

«Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағы Қазақстан Республикасы үкіметінің 2007 жыл 7 ақпандағы № 88 қаулысымен құрылды. «Көлсай көлдері» Мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының солтүстіктен оңтүстікке қарай аумағы 23 км, батыстан шығысқа қарай 98 км құрайды. Саябақтың жалпы ауданы – 161 045 га. Саябақ аумағы Іле-Балхаш бассейнінің бір бөлігі болып табылады [1].

Ұлттық саябақ орналасқан таулы-қарағайлы аймақтың осыдан 25 млн. жыл бұрын пайда болғандығын айтады. Сондай-ақ ғалымдар Солтүстік Тянь-Шаньның інжу-маржаны – Көлсай көлдері 1887-1911 жылдары аралығында орын алған сел мен зілзаның әсерінен пайда болғандығын да алға тартып отыр.

«Көлсай көлдері» ұлттық саябағы – Қазақстанның жеті кереметтерінің бірі саналатын – Көлсай көлдерімен танымал. Көлсай көлдері – қазақ табиғатының көрікті көзартар орындарының бірі. Олар теңіз деңгейінен 1800, 2250 және 2700 метр биіктікте орналасқан. Бұл көлдерді үш түрлі табиғи зонадан тұратын суды бөліп тұратын тамаша таулы ландшафт, және сирек кездесетін өсімдіктер мен жануарлар әлемі бөліп тұрады.

Көлсай көлдерін Алматы қаласынан 300 км қашықтықта Алматы облысында орналасқан Солтүстік Тянь-Шаньның інжу-маржандары деп атайды. Көлсай көлдері өз бастауын Күнгеі Алатау жотасынан алып, үш көлге кезектесіп құяды: Жоғарғы, Мыңжылқы және Төменгі. Көлдердегі су натрий сульфаты қосылған тұщы болып табылады. Жазғы маусымда су температурасы +10 градусты құрайды. Көлсай көлдері өте терең: Көлсай 1-дің ең терең жері 80 м, Көлсай- 2 де 50 м шамасында. Таулы көлдердің үштігі Солтүстік Тянь-Шаньның көркіне көрік қосады. Сол себепті де бұл көптеген саяхатшылардың мақсаты. Жылы маусым сәуір айынан

басталып қыркүйек айының соңына дейін жалғасады [2].

Саябақ территориясында теңіз деңгейінен 1800-3500 метр жоғары өсетін өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, керемет өзендер мен көлдер, қырлы ландшафттар кездеседі. Атап айтсақ, Тянь-Шань шетені, Регель қараназасы, Бахтақ, қызылбояу, ала обыр шегіртке, Дамон көгілдір көбелегі, махаон, Плюзия түн көбелегі, қарақат бұтасы, карелин ұшқаты және т.б. Сонымен қатар, саябақ көлемінде «Таңбалы тас» сайы, «Қыз емшек» шыңы, «Мәжінің» көлі, «Ашыл тоғай» петроглифтері, ежелгі Барысхан қаласының орны сияқты археологиялық, тарихи-мәдени ескерткіштер де бар (кесте).

Кесте – Ұлттық саябақ аумағындағы ескерткіштік нысандар

Атауы	Қысқаша сипаттамасы
«Таңбалы тас» сайы	Жалаңаш-Саты жолынан 1 шақырым қашықтықта, Қарабұлақ өзенінің жоғарғы ағынында, Қарабұлақ ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан.
«Ашыл тоғай» петроглифтері	Шелек өзені мен Қайыңды өзенінің қосылған жерінде, сол жақ жағалауында «Ашыл тоғай» деген жерде, тастарда тау текелерді атып тұрған аңшыларды бейнелеген көне таңбалар бар тастар (петроглифтер).
«Әденнің үйі»	Қарасай және Қасқасу сайларының қосылған жерінен 500 метр жерде, Қарасай өзенінің оң жақ жағалауында «Әденнің үйі» деген XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында ағаштан салынған қазақ болысының үйі сақталған. Үйдің әр ағашында орыс патшасының таңбасы – самұрық құстың бейнесі ұрылған.
«Көне қала – Барысхан қала»	Саты ауылы мен Күрметі ауылдарының аралығында 5 шақырым жерде «Көне қала – Барысхан қала» деген жер орналасқан. Жергілікті халықтың ішінде осы жерді зерттеумен айналысып жатқан адамдардың айтуынша, космостық түсіру жүргізгенде «Барысхан қаласының» орналасуы осы жерді көрсеткен. «Барысхан қаласының» ерекшелігі – бұл қалада Махмуд Қашқари туған деген тарихи дерек бар. Бұл туралы Байұзақ Қожабекұлының «Тарихи таным Албани» атты 1994 жылы шыққан кітабында деректер келтірілген.

Нәтижелері мен талдау

Біржарым миллиондық мегаполис Алматы қаласындағы күнделікті өмір салты жергілікті қала халқын демалуға итермелейді. Күнделікті өмірдегі жетіспейтін жан тыныштығын Көлсай көлдеріндегі тамаша сұлу және таңғажайып таулы ландшафттардан, көлдің мөлдір, тынық, тып-тыныш суынан, табиғи жұпар иісті шөптер мен гүлдерден алуға болады. Ол үшін «Көлсай көлдері» ұлттық саябағында жергілікті туристер үшін де, шетелдік туристер үшін де барлық мүмкіндіктер жасалған.

Саябақтағы орналастыру орындары:

– қонақүйлік үйлер. Саты ауылында 2-6 адамға арналған қонақүйлік үйлерде орналасуға

болады. Орналасу және тамақтану 3500-5000 тг көлемінде (1 адамға) сәйкес келеді.

– отель. Көл жағалауында комфортты номерлерімен (барлық жағдайлар жасалған, душ және теледидармен) отель орналасқан. Алайда, тамақтандыру қарастырылмаған: азық-түлікте туристер өздерімен бірге алып келуге болады.

– ағаш коттеждер және қазақ үйлер. Өте жоғарғы жайлылықты қажет деп санамайтын адамдарға Көлсай-1 көлінің жанында қазақүйлер мен коттеждер орналастырылған. Қазақ үйлер құны 5000-15000 тг, ал ағаш коттеждер 2000 (1 адамға) құрайды.

– шатырлар. Көлсай-2 және Көлсай-3 көлдерінде тек қана шатырларда орналасуға болады. 1 шатырды орналастыру құны-500 тг.

«Көлсай көлдері» ұлттық саябағындағы туристерге ұйымдастырылатын демалыс түрлері:

Жаяу жорықтар. Төменгі көлдегі серуеннен бөлек, ортаңғы және жоғарғы көлдерге жаяу баруға болады. Бірінші көлден екіншіге дейінгі арақашықтық – 5км, үшіншіге дейін тағы да 4 км жүру қажет. Сонымен қатар, 6 км қашықтықтан кейін Ыстық көлдің тамаша бейнесін көруге мүмкіндік беретін Сарыбұлақ шатқалы орналасқан.

Ат серуендері. Саты ауылында жалға аттарды алу қарастырылған (құны 2000 тг). Үш көлді 1 күнде атпен серуендеп тамашалауға болады.

Жаяу серуендер. Жаяу серуендер негізінен таулы-жартасты ұнатпайтындар үшін ұйымдастырылады. Бұл жай ғана төменгі көлдің жанын, орманды серуендеп, тау бүлдіргенін, таңқурай, саңырауқұлақ теруге негізделген.

Су бойындағы серуендер. Көлде серуендеу үшін жалға катамаран немесе қайық алу қарастырылған [3].

Жоғарыда аталған мүмкіндіктерді талдай келе, «Көлсай көлдері» ұлттық саябағында туризм даму әлеуетін қарастыра отырып, экскурсиялық тур бағдарламасы ұсынылады.

Тур бағдарламасы:

Ұзақтылығы: 3 күн

Маусымдылығы: мамыр айы-қыркүйек айы

Адам саны: 8-10 адам

Маршрут: Алматы қаласы – Шарын каньоны – Таңбалы тас сайы – Ашыл тоғай петрог-

лифтері – Саты ауылы – Көлсай көлдері – Саты ауылы – Алматы қаласы (сурет).

Алматы қаласы. Алматы – Қазақстанның ең үлкен қаласы. Ол Тянь-Шань тауларының солтүстігінде, Іле Алатауының баурайында, Қазақстан Республикасының оңтүстік-шығысында орналасқан. Бұрынғы атауы – Верный. Алматы – елдің ғылыми, мәдени, тарихи, өндірістік және қаржы орталығы.


Шарын каньоны. Шарын каньоны – жаратылысында табиғи кешен. Ол үлкен Колорадоның шағын түрі іспеттес. Каньонның «Қызғылт қамалдар» деген тағы бір аталуы бар. Себебі бұл жердегі үнсіз жатқан алып жартастар өздерінің таңғажайып пішіндерімен таңғалдырады.

Таңбалы тас сайы. Жалаңаш-Саты жолынан 1 шақырым қашықтықта, Қарабұлақ ауылынан 4 шақырым жерде орналасқан.

Ашыл тоғай петроглифтері. Шелек өзені мен Қайыңды өзенінің қосылған жерінде, сол жақ жағалауында «Ашыл тоғай» деген жерде, тастарда тау текелерді атып тұрған аңшыларды бейнелеген көне таңбалар бар тастар (петроглифтер).

Саты ауылы. Алматы қаласынан 320 км қашықтықта орналасқан елді мекен.

Көлсай көлдері. Көлсай көлдері 1887-1911 жылдары болған жер сілкінісі нәтижесінде ойпатты жердегі шағын шыршалы орманға су жиылуының нәтижесінде пайда болған.



Сурет – Алматы қаласынан «Көлсай көлдері» ұлттық саябағына дейін бағытталған туристік маршрут

Турдың сипаттамасы: Экскурсия таңғажайып Алматы облысының табиғи объектерімен танысып, ерекше әсер алуға, қазақ халқының киелі төрт-түлік малы саналатын атқа отырып серуендеуге мүмкіндік береді. Тур ерекшелігі: экскурсия танымдық демалыс экскурсиясы болып табылады, яғни экскурсияның өту жолы – Алматы қаласынан Саты ауылына дейін автобуспен жеткізіліп, әрі қарай атқа міне отырып, берілген маршрутпен экскурсия жүргізіледі.

1 күн. Өткел: Алматы қаласы – Шарын каньоны – Таңбалы тас сайы – Ашыл тоғай петроглифтері – Саты ауылы (320 км, 16-18 сағат). Алматы қаласынан автобуспен шығу. Біздің бағыт Алматы қаласының шығысынан 195 км қашықтықта орналасқан Шарын каньонына бағытталған. Шарын каньонынан өтіп, Таңбалы тас сайына аялдама жасайды. Таңбалы тас сайында кішкене тынығып алып, түскі ас ішу, түскі астан кейін экскурсия әрі қарай жалғасады. Ашыл тоғай петроглифтеріне, Саты ауылына келу. Жергілікті қонақүйлік үйлерде орналасу. Демалу. Кешкі ас ішу. Түнеу.

2 күн. Таңғы ас. Көлсай көлдеріне экскурсия. Жалға алынған аттарға отырып, Көлсай көлдеріне экскурсия басталады. Көлсай-2 көлінде түскі ас ішу. Әрі қарай экскурсия жалғастырылады, Көлсай-3 көлінде шатырларда түнеу.

3 күн. Таңғы ас. Саты ауылына қайта оралу. Түскі ас ішіп, автобуспен Алматы қаласына қайта оралу (320 км, 8 сағат).

Ұсынып отырған экскурсиялық тур бағдарламасының оң әсерлері:

– күнделікті өмір циклынан шаршаған тұрғындар көңіл-күйін көтеріп, күш-қабілеттерін қайта қалпына келтіруге;

– жергілікті туристердің ғана емес, шетелдік туристердің қызығушылықтарын оятуға;

– Қазақстан Республикасының жеті кереметінің бірі саналатын Көлсай көлдерін сан мыңдаған шетелдік туристердің танып білу мүмкіндігі;

– туристік инфрақұрылымның дамуына септігін тигізуі;

– табиғи мұраның сақталуына ықпал етуі;

– еліміздің экономикасына қаржы түсіруге негіз болуы, 1 турист 9 адамды жұмыспен қамтитынын ескерсек экономиканың да дамуына үлес қосар еді.

Қорытынды

Ұлттық саябақта экскурсиялық демалыс тур бағдарламаларын ұйымдастыру арқылы туристік даму потенциалының өсуіне әсер ете алады. Статистикалық мәліметтерге сүйенсек, 2007-2014 жылдар аралығында парк аумағына келген туристер саны 77 499 адамды құраса, олардан республика бюджетіне түскен қаражат 11 830 849 теңге болды. Яғни, саябақ аумағына жыл сайын орташа есеппен еліміздің аумағынан, алыс жақын шетелдерден 2000-2500 турист келеді. Егер, біз осындай туристік экскурсиялық бағдарламаларды тиімді түрде ұйымдастыратын болсақ, бұл көрсеткіш 2-3 есеге дейін өсу мүмкіндігі бар. «Көлсай көлдері» ұлттық саябағында экскурсияларды тиімді ұйымдастыру арқылы жергілікті тұрғындар мен шетел туристерінің сұранысын тудырамыз.

Әдебиеттер

- 1 [Электрондық ресурс]: «Көлсай көлдері» ұлттық саябағы. <http://visitkazakhstan.kz/>
- 2 [Электрондық ресурс]: «Кольсайские озера». <http://kolsaylakes.kz/>
- 3 [Электрондық ресурс]: «Кольсайские озера». <http://shopomania.kz/>

References

- 1 [Elektronnyi resurs]: «Kolsay kolderi» ulttyk sayabagy. <http://visitkazakhstan.kz/>
- 2 [Elektronnyi resurs]: «Kolsayskiye ozera». <http://kolsaylakes.kz/>
- 3 [Elektronnyi resurs]: «Kolsayskiye ozera». <http://shopomania.kz/>